

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы 28 маусымдағы № 46
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылғы 29
маусымда № 34672 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 5-2) тармақшасына және 43-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМҚ лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрі**

А. Альназарова

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 46 Бұйрығымен
бекітілген

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында
бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 5-2) тармақшасына және 43-бабына сәйкес әзірленді және бақылау мақсатында сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің белгіленген талаптарына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнім (тауар) (бұдан әрі – сәйкес келмейтін өнім) анықталған кезде шаралар қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) лауазымды адам – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам;

2) өнімді (тауарды) бақылау мақсатында сатып алу – мемлекеттік бақылау шеңберінде тауар нысанында өнімді сатып алу.

2-тарау. Бақылау мақсатында сатып алуды ұйымдастыру тәртібі

3. Өнімді (тауарды) бақылау мақсатында сатып алу өнімді (тауарды) сатып алуды, оған қатысты санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуді, оның нәтижелерін алуды және сәйкес келмейтін өнім анықталған кезде тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдануды қамтиды.

4. «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21710 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын өнімдердің (тауарлардың) тізбесіне енгізілген (енгізілген) өнім (тауар) (бұдан әрі – өнім) бақылау мақсатында сатып алуға жатады.

5. Өнімді бақылауды мақсатында сатып алуды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі сәйкесінше – аумақтық бөлімше) лауазымды адамдары жүзеге асырады.

6. Өнімді сатып алу жоспарында өнімнің болуы бақылау мақсатында сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Өнімді сатып алу жоспарына мынадай өнім енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-229/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21728 болып тіркелген) бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу қағидаларында көзделген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім тізіліміне енгізілген өнім;

2) ағымдағы жылы санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг шеңберінде анықталған сәйкес келмейтін өнім;

3) өзіне қатысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы камералдық бақылау шеңберінде сәйкестікті бағалау туралы құжаттардың болмауы және (немесе) сәйкес келмеуі анықталған өнім;

4) Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден және басқа да елдерден, халықаралық ұйымдардан сәйкес келмейтін өнімге қатысты уақытша санитариялық шараларды енгізу туралы ақпарат негізінде тапсырмасы;

5) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан және әлеуметтік желілерден Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарында көзделген қауіпсіздік талаптарын бұзудың нақты фактілерімен сәйкес келмейтін өнімді өткізу туралы, оның ішінде адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің қоршаған ортаға, құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру туралы ақпарат;

б) адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ететін және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделерін бұзатын сәйкес келмейтін өнім.

7. Аумақтық бөлімше күнтізбелік жылдың желтоқсан айының соңына дейін осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген негіздер бойынша мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша келесі күнтізбелік жылға өнімді сатып алу жоспарын қалыптастырады, ол аумақтық бөлімше жүргізетін ай сайынғы талдау нәтижелері негізінде түзетілуге тиіс.

8. Өнімді сатып алу жоспары күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық бөлімше басшысының бұйрығымен бекітіледі.

9. Комитетке осы Қағидалардың 6-тармағының 4) тармақшасында көзделген ақпарат келіп түскен кезде Комитет бір күн мерзімде аумақтық бөлімшелерге сәйкес келмейтін өнімнің және оны өндірушінің атауын көрсете отырып, бақылау сатып алуды жүргізуге тапсырма жібереді.

Аумақтық бөлімше бір күн мерзімде өнімді сатып алу жоспарына тапсырмада көрсетілген өнімді енгізеді.

10. Өнімді сатып алу жоспарын түзету аумақтық бөлімше басшысының атына аумақтық бөлімше лауазымды адамының қызметтік жазбасы негізінде оны бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу арқылы бір күн мерзімде жүзеге асырылады.

11. Аумақтық бөлімшенің лауазымды адамдары өнімді сатып алу жоспарында көзделген өнімді бақылау мақсатында сатып алуды тиісті күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырады.

12. Өнімді сатып алу жоспарында көзделген Өнімді бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру мақсатында аумақтық бөлімшенің басшысы бір күн мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-84 бұйрық) нысан бойынша Өнімді бақылау мақсатында сатып алуды тағайындау туралы акт қабылдайды.

13. Өнімді бақылау мақсатында сатып алуды тағайындау туралы актінің қолданылу мерзімі ол қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауға тиіс.

14. Аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту туралы хабарламалардың, қатысушылар құрамын өзгертудің және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларында (бұдан әрі – Актілерді тіркеу қағидалары) көзделген тәртіппен құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға өнімді бақылау мақсатында сатып алуды жүргізудің басталғаны туралы хабарлайды.

15. Өнімді бақылау мақсатында сатып алу төлем құжатымен (бақылау-касса машинасының чегі немесе тауар чегі), тауарларға ілеспе жүкқұжатпен және № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша өнімді сатып алу актісімен расталады.

16. Өнімді бақылау мақсатында сатып алу бақылау және қадағалау субъектісін алдын ала хабардар етпей жүргізіледі.

3-тарау. Өнімді бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

17. Өнімді бақылау мақсатында сатып алу сауда базарларында, ішкі сауда объектілерінде, оның ішінде дәрілік заттарды (дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қоспағанда) көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде (бұдан әрі – бақылау және қадағалау субъектісі) жүзеге асырылады.

18. Сатып алынатын өнім үлгілерінің саны (көлемі) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарын (бұдан әрі – ұйым) аккредиттеу саласын ескере отырып, нормативтік техникалық құжаттарға және стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес қажетті сараптамалардың (зерттеулердің, көрсеткіштердің) тізбесімен айқындалады.

19. Өнімді бақылау мақсатында сатып алу процесін тіркеу мақсатында оны жүргізу кезінде фототүсірілім, аудио - және бейнежазба жүргізіледі.

20. Өнімді сатып алу аяқталғаннан кейін бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын лауазымды адам өнімді өткізуді жүзеге асыратын тұлғаға немесе бақылау және қадағалау субъектісінің басшысына (ол уәкілеттік берген тұлғаға) бақылау мақсатында сатып алуды өткізу туралы хабарлайды және оған лауазымды адамның қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын, өнімді бақылау мақсатында сатып алуды тағайындау туралы актінің көшірмесін қағаз тасығышта немесе электрондық құжат нысанында көрсетеді.

21. Өнімді сатып алу қорытындысы бойынша № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша үш данада акт жасалады. Өнімді сатып алу актісінің

барлық даналарына бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асырған лауазымды тұлға және өнімді өткізуді жүзеге асыратын тұлға немесе бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы (ол уәкілеттік берген тұлға) қол қояды.

Өнімді сатып алу актісінің бірінші данасы бақылау және қадағалау субъектісінде қалады.

Өнімді сатып алу актісінің екінші данасы бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асырған аумақтық бөлімшенің лауазымды адамында сақталады.

Өнімді сатып алу актісінің үшінші данасы өнімнің үлгілерімен бірге санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін Ұйымға жіберіледі.

22. Өнімді өткізуді жүзеге асыратын адам немесе бақылау және қадағалау субъектісінің (ол уәкілеттік берген тұлғаның) басшысы өнімді сатып алу актісіне қол қоюдан бас тартқан кезде оған тиісті жазба енгізіледі және оған қол қоюдан бас тарту туралы бейнежазба жүзеге асырылады.

Өнімді сатып алу актісі оған қол қойылған немесе оған қол қоюдан бас тарту туралы жазба енгізілген сәттен бастап тапсырылды деп есептеледі.

23. Бақылау және қадағалау органы жарамдылық мерзімі өткен және (немесе) сапасыздықтың айқын белгілері (бүлінуі, ыдырауы, ластануы) бар өнімді қоспағанда, бақылау мақсатында сатып алу жүзеге асырылған өнімді санитариялық-эпидемиологиялық сараптамаға (зерттеуге) бір күндік мерзімде жібереді.

24. Сатып алынған өнім үлгілері өнімді өткізуді жүзеге асыратын тұлғаның немесе бақылау және қадағалау субъектісі басшысының (ол уәкілеттік берген тұлғаның) қатысуымен жинақталады, буып-түйіледі және пломбыланады (мөрленеді). Бақылау сатып алуды жүргізген лауазымды тұлға үлгілердің сақталуын және олардың ұйымға уақтылы жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Өнім үлгілерін жеткізу мерзімдері нормативтік техникалық құжаттар мен тиісті өнімге арналған стандарттау жөніндегі құжаттар ескеріле отырып айқындалады.

25. Сатып алынған өнім үлгілерін санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуге жіберу үшін бақылау мақсатында сатып алуды жүргізген лауазымды адам Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-334/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР

ДСМ-334/2020 бұйрық) бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу туралы қаулы шығарады.

26. Өнім үлгілерін Ұйымға тасымалдау үлгілердің жай-күйінің, құрамы мен сапасының сақталуын, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады. Тамақ өнімдерін сақтау мен тасымалдаудың ерекше шарттарын (герметикалық қаптама (ыдыс), арнайы температуралық жағдайлар және басқа да жағдайлар) белгілейтін талаптар болған кезде іріктелген үлгілерді тасымалдау тауарға ілеспе құжаттарда немесе өнімді таңбалауда көрсетілген өнім өндіруші белгілеген жағдайларда жүзеге асырылады.

27. Тәуелсіз санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін бақылау және қадағалау субъектісі өз бастамасы бойынша объектіде бақылау мақсатында сатып алуды жүргізу кезінде үлгі сатып алынған өнімнің сол партиясынан (дайындалған күнімен) өнімнің бақылау үлгісін қалдырады.

Сатып алынған өнімнің бақылау үлгісі сараптама нәтижелерін алу үшін қажетті мерзім ішінде, бірақ өнімнің белгіленген жарамдылық мерзімінен аспайтын мерзім ішінде өнімді өндіруші белгілеген шарттарда объектіде сақталуы тиіс.

Бақылау үлгісін қалдыру туралы шешім қабылдауға және оны сақтауға бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жауапты болады.

28. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама № ҚР ДСМ-334/2020 бұйрығымен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу мерзімдері нормативтік техникалық құжаттарда және стандарттау жөніндегі құжаттарда көзделген зертханалық зерттеулер (сынақтар, сараптамалар) жүргізу үшін қажетті мерзімдерге сәйкес белгіленеді.

29. Өнімнің санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасын жүргізу қорытындылары бойынша ұйым өнім үлгісін зерттеу хаттамасын (бұдан әрі – хаттама) ресімдейді және оны ресімдеу сәтінен бастап бір жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшеге жібереді.

30. Бақылау мақсатында сатып алуды жүргізген лауазымды адам хаттаманы алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері туралы актіні екі данада жасайды.

Өнім үлгісін зерттеу хаттамасы бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері туралы актіге қосымша болып табылады.

Бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері туралы актінің бірінші данасы бақылау және қадағалау субъектісіне бір күндік мерзімде жіберіледі, екінші данасы – бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын лауазымды адамда сақталады.

31. Бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері туралы акт бақылау және қадағалау субъектісіне мынадай тәсілдердің бірімен бір күндік мерзімде тапсырылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісінің басшысына қолма-қол не оның өкіліне қол қойғызып;

2) тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қоса беріледі.

32. Аумақтық бөлімше бір күн мерзімде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға Актілерді тіркеу қағидаларында көзделген тәртіппен өнімді бақылау мақсатында сатып алу қорытындылары туралы ақпаратты жібереді.

4-тарау. Сәйкес келмейтін өнім анықталған кезде шаралар қабылдау тәртібі

33. Сапасыздықтың айқын белгілері (бүлінуі, ыдырауы, ластануы) және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен бақылау мақсатында сатып алу жоспарында көзделген өнімді бақылау мақсатында сатып алу барысында өнімді сатып алу кезінде лауазымды адам сәйкес келмейтін өнімді өткізуден алып қою түрінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны дереу ресімдейді және Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына сәйкес оны өткізуді жүзеге асыратын тұлғаға немесе бақылау және қадағалау субъектінің басшысына (ол уәкілеттік берген адамға) тапсырады.

34. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша өнімнің техникалық регламенттердің және (немесе) және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың тексеру парағында көрсетілген талаптардың тізбесінде көзделген бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмеуі анықталған кезде, олардың бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға, сондай-ақ бақылау субъектісінің контрагенттерге сәйкес келмейтін өнімді өткізуін белгілеуге әкеп соғады, лауазымды адам сәйкес келмейтін өнімді өткізуден алып қою және (немесе) кері қайтарып алу түрінде жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны ресімдейді және оны өткізуді жүзеге асыратын тұлғаға немесе бақылау және қадағалау субъектісінің басшысына (ол уәкілеттік берген тұлғаға) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына сәйкес тапсырылады.

35. Бақылау және қадағалау субъектісі жедел ден қою шарасын қолдану туралы қаулыны алған кезде Кодекстің 43-бабының 5-тармағына сәйкес бекітілетін тәртіппен сәйкес келмейтін өнімді дереу алып қоюға және (немесе) өткізуден кері қайтарып алуға міндетті.

Халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласында бақылау мақсатында
сатып алуды жүзеге асыру
қағидаларына қосымша

Нысан

Өнімді сатып алудың ____ жылға арналған жоспары

№	Өнімнің атауы	Өндірушінің атауы	Өнімді сатып алу жоспарына енгізу негізі	Бұзушылық түрі, хаттама нөмірі, күні
1	2	3	4	5